



**ИДРИСОВА Г.А**  
**УСЕНБЕКОВА А.Е**  
**БЕКЛАЙ Н.Қ,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушылары



Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы қазіргі Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырдарияға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келген. Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына орай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренді, осы тілде ғылыми трактаттар оқыды. Ол Фараб пен Бұқара қалалаарында бастапқы білім алған соң, алған білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұқара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан сынды ірі білім орталықтарында да болып білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда еңбек етті, оқыды. Шығыстың осы шаһарларында өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім — тәрбие алды. Әл-Фараби атамыздың шығармашылық мұрасы орасан зор. Оның 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттары бар, оның айналысқан ғылыми салалары - философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат" деп аталады. Өзінің білімділігі арқасында "Екінші ұстаз" атанды.

Биылғы жылы елімізде Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристо-

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМІ

тельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аталып өтілуде. Қазақстан республикасының басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қаулы қабылдап, мерейтойды дайындау және өткізу жөніндегі арнайы мемлекеттік комиссия құрған болатын. Алғашқы шара Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бастау алды. Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай "Ұлы даланың ұлы есімі" атты ауқымды, халықаралық салтанатты іс - шара өтті. Шараға келген қонақтар Шығыс ойшылдарына, Қазақстан тұңғыш президентіне, Абай және Алаш қозғалысы қайраткерлеріне арналған мұражай экспозицияларымен танысты.

Шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ.Көшербаев және шет мемлекеттерден келген университеттің құрметті қонақтары қатысты. Қ. Көшербаев салтанатты шараны аша отырып, әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу арқылы шетелде және біздің елде ұлы ғұлама мұраларын зерттеп, олардың қазіргі өркениеттің дамуындағы ықпалын терең түсінуге серпін беретіндігін тілге тиек етті. Мемлекеттік хатшы сонымен қатар, Шығыстың ұлы ойшылының мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер мен оқиғалар тізбесіне енгенін және ИСЕСКО, ТҮРКСОЙ және т.б. ұйымдардың қолдауымен халықаралық мәдени алаңда кеңінен аталатындығын атап айтып өтті.

86 жылдық тарихы бар ҚазҰУ - нің бір бөлігі болып табылатын шетел азаматтарына арналған жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде аталған мерейтойға байланысты көптеген шаралар жоспар бойынша өтілуде. Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған "Білім беруді цифрландыру жағдайындағы Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы" атты 50-ші Халықаралық ғылыми - әдістемелік конференциясының аясында «білім беру саласының цифрлық жүйеге көшуі - заман талабы» - атты секция бойынша конференция өтті.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к.доцент М.С.Мырзабековтың басшылығымен кафедраның ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Осындай алға қойған айқын мақсат - мүддеміздің арқасында, шетелдік азаматтардың өміріне жолдама беріп отырған кафедра ұстаздарының еңбегі орасан зор деп айта аламыз.

